

**«8D02209 – Шығыстану» білім бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың
ұйымдағы рөлі» тақырыбына жазылған Назарова Кулайша
Бимаханбетовнаның диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Назарова Кулайша Бимаханбетовна «8D02209–Шығыстану» білім бағдарламасы бойынша докторантураға 2021 жылы мемлекеттік грант негізінде оқуға түсіп, 2024 жылы толық курсын аяқтады. Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген.

Назарова Кулайша Бимаханбетовнаның диссертациялық жұмысы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының рөлі мен ұйым қызметінде Қытайдың қытайлық тәсілді қолдануы мәселесіне арналған.

Әрине, Қазақстандық ғылымда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына арналған зерттеу жұмыстары бар, бірақ соған қарамастан, жекелей «қытайлық тәсілдің» ұйымға ықпалы мен Қытай тарапының қытайлық тәсілді қолдануы жайлы әлі де зерттелмеген күйінде қалып отыр, сондықтан бұл тақырып отандық қытайтануда алғаш рет жан-жақты қарастырылып отырғанын атап өтуге болады.

Докторант қарастырып отырған тақырып өзекті. Оның өзектілігі неде? Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде жаһандық және өңірлік күштердің қайта түзілу үдерісі жүріп жатыр. Бұл жағдай халықаралық ұйымдардың рөлін, мақсаттарын және жұмыс тәсілдерін қайта қарауға итермелеуде. Мұндай ұйымдардың бірі – Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), ол өзінің құрылу сәтінен бастап аймақтық қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған көпжақты диалог алаңына айналды. Аталған ұйым шеңберіндегі шешім қабылдау мен даму механизмдеріне мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделері мен сыртқы саяси ұстанымдары айтарлықтай әсер етеді.

Осы тұрғыда ШЫҰ-ның қалыптасуы мен эволюциясында Қытай Халық Республикасының (ҚХР) рөлі ерекше назар аудартады. Қытай тарапы ұйым қызметіне өзінің ерекше әдіснамалық ұстанымдарын енгізіп келеді. Бұл құбылыс ғылыми айналымда жиі «қытайлық тәсіл» (Chinese approach) деп аталады. Бұл тәсіл өз ішінде егемендікті құрметтеу, ішкі істерге араласпау, экономикалық өзара тиімділікке негізделген серіктестік, сондай-ақ Қытайдың дәстүрлі саяси-мәдени философиясынан туындайтын ұстанымдарды қамтиды.

Қытайлық тәсілдің ШЫҰ аясында қолданылуы ұйымның даму бағытына, құрылымдық институттарына, қабылданатын шешімдердің мазмұнына және аймақтық саясаттағы басымдықтардың қалыптасуына тікелей ықпал етуде. Қытай бұл ұйымды өзінің "Бір белдеу, бір жол" бастамасымен ұштастыра отырып, экономикалық және геосаяси мүдделерін ілгерілетудің тиімді құралы ретінде қарастырады. Сондықтан «қытайлық тәсілдің» ШЫҰ аясында іске асырылу ерекшеліктерін, оның ұйымның

болашағына және мүше мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттестік форматына ықпалын талдау – ғылыми және практикалық тұрғыдан аса өзекті мәселе болып табылады.

Осы тақырыпты зерттеу арқылы ШЫҰ-дағы күштер тепе-теңдігіндегі өзгерістерді, Қытайдың жұмсақ күш стратегиясын іске асыру құралдарын және аймақтық ұйымдардың трансформациялануындағы жаңа үлгілерді тереңірек түсінуге болады. Бұл зерттеу қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы Азияның рөлі артып отырған тұста ерекше маңызға ие.

Зерттеудің мақсаты – Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қытай Халық Республикасының рөлін қытайлық тәсілдің теориялық-тұжырымдамалық негіздерін және оның тәжірибелік жүзеге асуын кешенді талдау арқылы айқындау, сонымен қатар ұйымның даму перспективасын және оның халықаралық қатынастар жүйесі және Қазақстан үшін мәнін бағалау. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін тиісті міндеттер қойылып, мәселе жан-жақты қарастырылған.

Назарова Кулайша Бимаханбетовна тақырып бойынша дәйекті түрде жұмыс істегенін атап өтуге болады. Диссертациялық зерттеу жұмысында көрсетілген және алдыға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге тырысты, ғылыми зерттеу жұмысын тыңғылықты және нық орындай алды.

Жұмыс құрылымы қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Кіріспеде жұмыстың өзектілігі баяндалады; мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, зерттелу дәрежесі, дереккөз базасы, тарихнамасы келтірілген, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы тұжырымдалған, қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар және жұмыстың апробациясы жайлы ақпарат бар.

Бірінші тарауда қытайлық тәсіл тұрғысында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері қарастырылған. Аймақтық халықаралық ұйымдарды зерттеудің теориялық тәсілдері, Қытайдың сыртқы саясатындағы «қытайлық тәсіл» концепциясы: идеологиялық және стратегиялық негіздері Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қытайдың орны мен рөлі, ҚХР-дың сыртқы саясатындағы ШЫҰ рөлі қарастырылған.

Диссертацияның екінші тарауы Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы Қытайдың аймақтық саясаты мен «қытайлық тәсілдің» жүзеге асырылу тетіктерін кешенді түрде талдауға арналған. Ізденуші қауіпсіздік, экономика және гуманитарлық өзара іс-қимыл салаларындағы Қытайдың бастамалары мен құралдарын жүйелі саралап, олардың мазмұны мен мәнін ғылыми тұрғыдан ашады. Әсіресе, ұжымдық қауіпсіздік механизмдері мен экономикалық ықпалдастық үдерістерінде Қытай ұсынған модельдің ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы көрсетуі жұмыстың ғылыми жаңалығын арттырады. Тараудағы материал зерттеу нысанының аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастық контексіндегі өзектілігін айқын дәлелдейді.

Сонымен қатар, автор «қытайлық тәсілдің» гуманитарлық және мәдени өлшемдерін, атап айтқанда білім беру, мәдени және ақпараттық ықпал

құралдарын қарастыру арқылы зерттеудің мазмұнын кеңейтеді. Тараудың құрылымы мен логикалық жүйелілігі Қытайдың аймақтық саясаттағы прагматикалық және идеологиялық ұстанымдарының өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, екінші тарау диссертацияның теориялық және тәжірибелік негізін күшейтіп, ШЫҰ кеңістігіндегі Қытайдың ролін түсінуге айқын ғылыми үлес қосады.

Диссертацияның үшінші тарауы «қытайлық тәсілдің» аймақтық және жаһандық өлшемдерін, сондай-ақ Қазақстан мен Орталық Азия елдері үшін туындайтын мүмкіндіктер мен тәуекелдерді терең талдауға арналған. Ізденуші Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі саяси және экономикалық стратегияларын салыстырмалы тұрғыда қарастырып, олардың аймақ елдерінің ұлттық мүдделерімен өзара үйлесімділігін ғылыми тұрғыдан бағалайды. Бұл бөлімде Қытайдың аймақтық бастамаларының Қазақстан үшін ұсынатын жаңа ынтымақтастық мүмкіндіктері мен ықтимал тәуекелдері нақты сараланып, зерттеу жұмысының қолданбалы маңызын күшейтеді.

Сонымен қатар, тарауда Қытайдың ШЫҰ-дағы стратегиялық ролі мен оның аймақтық ықпалын кеңейту бағыттары жүйелі түрде қарастырылған. Ізденуші Қытайдың «қытайлық тәсіл» арқылы ШЫҰ-ның даму перспективаларын қалыптастырудағы жетекші орнын негіздеп, оның жаһандық геосаяси процестердегі ролін объективті бағалауға ұмтылған. Бұл талдау Қытайдың сыртқы саяси стратегиясын аймақтық және жаһандық деңгейде түсінуге мүмкіндік беріп, диссертацияның ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік мәнін арттыра түседі.

Жалпы, диссертациялық жұмыс талапқа сай орындалған. Назарова Кулайша Бимаханбетовнаның диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында, ғылыми-тәжірибелік ғылыми конференция материалдарында, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымда жарияланды.

Жұмыста стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық қателер бар екендігін ескеру қажет, және қорытынды бөлімді әлі де күшейткен жөн. Дегенмен бұл жұмыстың мазмұнына нұқсан келтірмейді. Сондықтан орындалуына байланысты алдын ала қорғаудан өткізіп, Назарова Кулайша Бимаханбетовнаның «8D02209–Шығыстану» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың ұйымдағы ролі» атты диссертациясын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Ph.D

